



Бекмурзин Қабіболла  
1909 жылы Қостанай облысы Жангелдин ауданы  
Көкектікөл жерінде дүниеге келген. Соғысқа дейін  
колхозда жұмыс істеген. 1942 жылы 4 ақпанда Торғай  
АӘК-нан әскерге шақырылған. Свердловск қаласының  
түбіндегі Ирбитте атты әскерге әскери дайындықтан  
өткен. Дайындықтан кейін атты әскер дивизиясын 1942  
жылы қазан айында Сталинград майданына жібереді.  
Кезекті ұрыстардың бірінде қолына оқ тиіп, госпитальға  
түседі. 1943 жылдың наурыз айында елге оралған соң,

зейнеткерлікке шыққанша мал баққан.

